

Ақша белгілерін қабылдау және айырбастау жөніндегі жария шарты

Осы жария шартының (бұдан әрі – Шарт) талаптары Банктің ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдауына және оларды жаңа үлгідегі ақша белгілеріне айырбастауына байланысты «Kaspi Bank» АҚ пен Банктің Клиенттерінің арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Шарттың мақсаттары үшін пайдаланылатын терминдердің, анықтамалардың мағынасы төмендегідей:

- 1) **Банк** – «Kaspi Bank» АҚ;
- 2) **Клиент** – төлем қызметі үшін немесе ескі үлгідегі ақша белгілерін айырбастау қызметі үшін Банкке өтініш білдірген жеке немесе заңды тұлға;
- 3) **ескі үлгідегі ақша белгілері** – 2006 жылғы үлгідегі номиналы 1 номиналы 1000/2000/5000/10000 теңге;
- 4) **жаңа үлгідегі ақша белгілері** – 2014 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңге, 2012 жылғы үлгідегі номиналы 2 000 теңге, 2011 жылғы үлгідегі номиналы 5000 теңге, 2012 жылғы үлгідегі номиналы 10000 теңге;
- 5) **касса** – ақша мен басқа құндылықтарды сақтауға, қабылдауға және беруге арналған Банктің арнайы жабдықталған үй-жайы;
- 6) **Терминал** – Банктің өздігінен қызмет көрсету терминалы, ол арқылы төлем қызметі көрсетіледі;
- 7) **Қызмет** – ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдау және оларды жаңа үлгідегі ақша белгілеріне айырбастау.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасы банкноттарының қатар айналыста болуының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 28 қарашадағы № 210 қаулысының, «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 228 қаулысының және «2006 жылғы үлгідегі және 2014 жылғы үлгідегі номиналы 1 000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 250 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық талаптарын орындау мақсатында Банк Шарттың талаптарына сәйкес ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдайды және оларды жаңа үлгідегі ақша белгілеріне айырбастайды.

2.2. Шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген төлем қызметін жүзеге асыру үшін Банктің кассасына немесе Терминалына келу және ескі үлгідегі ақша белгілерін беру арқылы Клиент www.kaspibank.kz сайтында орналастырылған Шарттың талаптарымен келіседі, ол бойынша өз міндеттемелерін орындайтынын және оның талаптарымен және Банктің қалауы бойынша Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шотына қолма-қол емес баламасын есепке жатқызуымен келісетінін растайды.

3. АҚША БЕЛГІСІН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ АЙЫРБАСТАУ ТАЛАПТАРЫ

3.1. Клиенттерден кассаға немесе Терминалға түсетін ескі үлгідегі ақша белгісі кейіннен Банктің қалауы бойынша Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шотына қолма-қол емес баламасын есепке жатқыза отырып қабылданады және жаңа үлгідегі ақша белгісіне айырбасталады.

3.2. Банк:

3.2.1. ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдауға;

3.2.2. белгісі кейіннен Банктің қалауы бойынша Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шотына қолма-қол емес баламасын есепке жатқыза отырып, жаңа үлгідегі ақша белгілерін беруге міндеттенеді.

3.3. Банктің:

3.3.1. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Қызмет көрсетуді тоқтатуға немесе Клиентке ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдаудан немесе оларды жаңа үлгідегі ақша белгілеріне айырбастаудан бас тартуға;

3.3.2. Шарттың жаңа талаптары енгізілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өзгерістерді банктік www.kaspibank.kz сайтына орналастыру арқылы ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдау критерийлерін өзгертуге;

3.3.3. Төлемділік белгілері жоқ және зақымданған ескі үлгідегі ақша белгісін қабылдаудан және оны айырбастаудан бас тартуға құқығы бар.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

4.2. Тараптар бір немесе қос Тараптың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермейтін Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің шешімдерінің салдары үшін жауапкершілік атқармайды.

5. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

5.1. Шарттан туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше Тараптардың арасында келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

5.2. Келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

6. БАСҚА ТАЛАПТАР

6.1. Клиенттің Банктің кассасына немесе Терминалына келген күні осы Шарт жасалған күн болып табылады. Шарт 2017 жылғы 4 қазанға дейін, ал 2006 жылғы үлгідегі номиналы 1 000 теңгелік ақша белгілерін айырбастау бөлігінде 2018 жылғы 28 ақпанды қоса алғанға дейін қолданылады.

6.2. Тараптардың өзара қарым-қатынасы жөнінде Шартта қамтылмаған барлық басқа мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында реттеледі.
